

Аймақтарды экономикалық дамытудағы шағын кәсіпкерліктің жауапкершілігін арттыру

С.А. Бейсебаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Түйін. Берілген мақалада аймақтық дамудағы шағын кәсіпкерліктің мәні, рөлі, жауапкершілігі жан-жақты сипатталған. Талдау барысында автор ШК белсенді субъектілердің, белсенді жұмылғандардың, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығарылымы бойынша нәтижелерді келтіріп, ҚР аймақтарындағы ШК белсенділігін жетілдіру бойынша ұсыныстар келтірген.

Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты” атты 2012 жылдың 27 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа жолдауында: “Менің тапсырмам бойынша Үкімет қағидатты түрде жаңа Жұмысқа тартуды қамтамасыз етудің бағдарламасын бекітті. Онда үш маңызды міндет қойылған. Біріншіден, оқыту мен жұмысқа орналасуға септесудің тиімді жүйесін жасау. Екіншіден, ауылдық жердегі кәсіпкерлікті дамытуға септесу. Үшіншіден, еңбек ресурстарының жинақылығы, Қазақстанның экономикалық тұрғыдан белсенді орталықтарында жұмысқа орналастыруға басымдық беру”, – деген. Мемлекет басшысы бұл мәселеге еліміз өз тәуелсіздігіне ие болған кезден-ақ ерекше көңіл бөле бастаған. Себебі, кәсіпкерлік дегеніміз – бүкіл тіршіліктің тұтқасы. Сан түрлі кәсіпті меңгермей, сол кәсіптерді жылдан жылға жетілдіріп отырмай, ешбір ел алға баса алмайды.

Бүгінгі күні шағын кәсіпкерлік дамуы өзекті болуда. Әрбір елдің экономикасы көбінесе шағын кәсіпкерліктің жетісті дамуына негізделеді. Шағын кәсіпкерлік дамымай, ел экономикасы жанданып, алға жылжымайтыны әлемдік тәжірибеде дәлелденген, сонымен бірге, халықтың әл-ауқатының жоғарылауы да шағын кәсіпкерлік дамуына тікелей байланысты. Шағын кәсіпкерлік еліміздің экономикасын дамытумен бірге, дұрыс нарықты қалыптастырады, ірі корпорациялардың монополистік ұстанымын шектейді, бәсекелестілікті дамыта отырып, сапалы тауар және қызмет сұраныстарын қанағаттандырады, жаңа технологиялар енгізе отырып, ғылыми-техникалық өрлеуді жеделдетуге әсер етеді, жергілікті шикізат ресурстарының үнемді, тиімді пайдалануына оң ықпалын тигізеді, жұмыссыздық мәселесін, жалпы экономикалық, әлеуметтік, экологиялық мәселелерді шешуде үлкен маңызға ие.

Кәсіпкерлік – халыққа қажетті тауарлар, өнеркәсіп өнімдерін және басқа да қызметтерді қоғам сұраныстары мен ұсыныстарын есепке ала отырып жүзеге асырылатын қызмет болғандықтан, ол тек кәсіпкерге ғана емес халыққа да тиімді болып табылады.

Аймақ-ұйымдастырудың қарапайым жүйелік түрі емес, мемлекет сияқты, күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе болып табылады. Осы жүйенің күрделі әлеуметтік-экономикалық байланыстары мен элементтерінің құрылысы – оның дамуының түсінігін анықтайды.

Аймақтық даму – арнайы ұйымдастырылған саяси, құқықтық, қаржылық, экономикалық салалардағы іс-әрекеттердің жиыны ретінде қарастырылады. Яғни, олар:

- біріншіден, нысаналы себептер бойынша өздігінен даму тәртібінде қызмет жасай алмайтын аймақтардың дамуын ынталандырып отыруы қажет;

- екіншіден, кейбір аймақтардағы тұрғындардың әлеуметтік жағдайын белсендендіру мен ресурстық жағынан қолдау көрсету;

- үшіншіден, мемлекеттік маңызы бар дамудың әлеуетті негіздерінің пайда болуы мен қызметіне жағдай жасау;

- төртіншіден, кейбір аймақтардың жалпы мемлекеттік қызметтерді орындауын қамтамасыз ету. Демек, аймақтарда республикалық тағайындалған нысандарды ұстап тұру, жабық әкімшілік-аймақтық құрылымдарды қаржыландыру;

- бесіншіден, арнайы саяси және геосаяси тәртіпті құру және қолдап отыру;

- алтыншыдан, апатты аймақтарға жедел шаралар қолдану.

Шағын кәсіпкерлік – бұл аймақтық феномен және аймақ экономикасын дамытатын бірден бір жол. Қоғамда болып жатқан барлық жағдайларға шағын кәсіпкерлік үлкен жауапкершілікпен қа-


рауы тиіс. Кәсіпкерлер тек өзін ғана ойламай, білім, денсаулық, спорт, мәдениет, қайырымдылық шараларын да, халыққа сапалы, тиімді қызмет көрсетуге, әлеуметтік қолдауға ерекше көңіл бөлуі керек.

Аймақтардағы халықтың өмір сүру деңгейі, аймақтардағы шағын кәсіпкерлік белсенділігі, табыстары, жалақылары, әлеуметтік төлемдері, жалпы барлығы – аймақтардың дамуына әсер ету-

ші ықпалдар болып табылады. Осы арқылы шағын кәсіпкерліктің аймақ дамуына жауапкершілігінің өзіндік үлесі ерекше көрініске ие.

Сондықтан да, аймақтар дамуындағы қазіргі қалыптасып отырған жағдайды саралау және соған орай аймақтық саясаттың бағыттарын айқындау өзекті мәселеге айналды.

Алдымен, Қазақстан аймақтарындағы шағын кәсіпкерлік белсенділігін саралап көрейік.



1-диаграмма. Аймақтардағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілер саны

*Ескерту: Автор ҚР статистика жөніндегі Агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырған.


2011 жылдың II-тоқсаны бойынша, ҚР статистика жөніндегі Агенттігінің мәліметтері бойынша, ҚР-дағы жалпы белсенді субъектілер саны – 663 537 бірлікті құрды. Оның ішінде белсенді субъектілер саны бойынша алдыңғы қатарлы келе жатқан Оңтүстік Қазақстан – 17,4%, одан кейінгі Алматы облысы – 13,8% және Алматы қаласы – 10,6%. Ал ең төменгі орындарда Қызылорда – 2,5%-ға тең, Солтүстік Қазақстан – 3% және

Маңғыстау облысы – 3,3%.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында ең басты мақсаттарының бірі – кедейшілік және жұмыссыздық мәселелерін шешу.

Осы мәселелерді шешудің жолы – шағын кәсіпкерлікті дамыту болып табылады.

Енді, шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санын қарастырайық.



2-диаграмма. 2011 жылдың II-тоқсаны Аймақтар бойынша шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санын салыстыру


*Ескерту: Автор ҚР статистика жөніндегі Агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырған.

Жоғарыда көрсетілген диаграммада ҚР аймақтары бойынша 2011 жылдың II-тоқсанында ҚР статистика жөніндегі Агенттігінің мәліметтері не-

гізінде орташа есеппен алғанда, ШОК-е жұмыспен қамтыған адам саны бойынша алдыңғы қатарларда Алматы қаласы – 14,4%, Оңтүстік

Қазақстан облысы – 12,7%, Алматы облысы – 10,7%. Ал ең төменгі көрсеткіштерді – Қызылорда

облысы – 2,6%, Маңғыстау – 3,1% және Батыс Қазақстан облысы – 3,5%.



3-диаграмма. 2011 жылғы қыркүйек-қараша айларындағы Қазақстан аймақтарын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы өнім шығарылым көлемі бойынша салыстыру

*Ескерту: Автор ҚР статистика жөніндегі Агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырған.

Қазақстан аймақтар бөлінісіндегі ШОК субъектілерінің өнім шығарылымы бойынша ең үлкен үлесті: Алматы қаласы – 26,8%, Астана қаласы – 14,3% және Атырау – 6,5%. Өнім шығарылым деңгейі бойынша артқы қатарларда: Жамбыл облысы – 2,3%, Солтүстік Қазақстан – 2,5%, Ақмола облысы – 3,1%.

Сонымен, шағын кәсіпкерліктің аймақтар бөлінісіндегі белсенділігін талдай келе, Алматы қаласы барлық көрсеткіштер бойынша алдыңғы қатарда екендігін байқадық. Алматы қаласының жоғары көрсеткіштерге ие болу себептеріне тоқталар болсақ:

- бұл аймақта адам саны жағынан басқа аймақтарға қарағанда жоғары болуына, сәйкесінше тұтынушылар санының басым болуына байланысты;

- кәсіпкерлік қызметімен айналасатын адам санының жоғарылығы;

- аталған аймақтарда кәсіби мамандардың көп шоғырлануы;

- ШОК айналасу мүмкіндіктерінің жоғары болуы;

- үлкен көлемді айналымға ие болуы;

- несие беруші бас кеңселердің Алматы қаласында орналасуына байланысты және т.б.

Жоғарыда көрсетілген талдау арқылы шағын кәсіпорындардың аймақтардағы белсенділігінің біркелкі еместігін, осыған байланысты жұмыссыздық мәселесі, көптеген аймақтардағы өнім шығарылымының төменгі деңгейі және кәсіпкерлік сектордың аймақтық құрылымының қалыптасуына жергілікті билік органдарының аса назар аударуын талап ететіндігін атап өтуге болады. Бұл жағдай қала және ауылды аймақтарда жұмыс-

сыздық мәселесінің белең алуына, жоғары білікті кадрларымыздың басқа елге кетіп қалуына, жергілікті халықтың тұрмысының төмендеуіне алып келуде.

Аймақтар дамуына кері әсер тигізетін мәселелер – аймақтардың экономикалық әлеуеті, жұмыссыздық мәселесі, экологиялық мәселелер, білікті мамандар тапшылығы, инфрақұрылымның дамымауы, инновация енгізу жағынан артта қалуы, өндірістің ескі құрылымы, тұрғындардың өмір сүру сапасы мен деңгейінің мемлекеттік стандарттарға сай келмеуі, әлеуметтік мәдени ықпалдар – урбанизация деңгейі, халықтың білім деңгейі, ғылыми орталықтардың жетіспеушілігі, табиғи-климаттық, орналасу ерекшеліктері және т.б.

Аймақтардың өркендеуі – шағын кәсіпорындардың қызметіне тәуелді болады. Қазақстан аймақтарында шағын кәсіпкерлік белсенділігі, жауапкершілігі артса, ондағы табыс деңгейі жоғарылайды, халық қосымша жұмыс орындарымен қамтылады, сәйкесінше, халықтың өмір сүру деңгейі де белгілі бір жағдайда да өседі.

Сондықтан, аймақтардағы шағын кәсіпкерліктің дамуына мемлекет үлкен назар аударуы тиіс. Ал егер мемлекет аймақтармен дұрыс өзара қарым-қатынас орнатпаған болса, немесе халықтың өмір сүруін қамтамасыз ететін ортасы болып табылатын мемлекеттің барлық аймақтарының дамуы үшін жауапкершіліктен бас тартатын болса, онда жүргізіліп жатқан реформалардың оң нәтижеге жеткізбейтіні анық. Демек, аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу олардың өркендеуінің қажетті шарты.

Бүгінгі таңда, үкімет аймақтардағы шағын кә-

сіпкерліктің дамуына ерекше көңіл бөліп, қолдау көрсетуде. Аталған мәселелерді жою үшін үкімет “Жеке кәсіпкерлік туралы”, “Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы”, “Бәсекелестік туралы” ҚР Заңдары және аймақтар дамуын және белсенділігін арттыру мақсатында “Даму-Аймақтар” бағдарламасы, “Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы”, жаңа индустриялық саясат шеңберінде “Бизнестің жол картасы – 2020” бағдарламасы, “Өнімділік-2020”, “Жұмыспен қамту – 2020”, “Дағдарыстан кейін қалпына келтіру” (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) және т.б. бағдарламалары қабылданған.

Сонымен, аймақтардағы кәсіпкерліктің белсенділігін, жауапкершілігін арттыруда макроэкономикалық деңгейде мемлекет тікелей жауапты болса, мезодеңгейде әрбір аймақтық өңірлер жұмыс жүргізу керек, микроэкономикалық деңгейде – ұйым жауапты болуы керек.

Шағын кәсіпкерлік аймақты дамытудағы ең басты жауапкершілігі – сапалы, тиімді, бәсекеге қабілетті, мүмкіндігінше қол жетімді қызмет көрсету және өнім өндіру (Мысалға, жергілікті тұрғындарды сапалы, қол жетімді, тұрғын үймен қамтамасыз ету, ғимараттар, жол салу; тиімді қызмет түрлерін енгізу, көрсету және т.б.).

Аймақтардағы шағын кәсіпкерлік мәселелеріне нақтырақ тоқталар болсақ:

- шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылым мәселелері – қызмет көрсетуі қазіргі заманғы талаптарға сай келмеуі;

- аймақтардағы кәсіпкерлердің қаржы ресурстарына қол жетімсіздігі;

- шағын кәсіпкерлерге берілетін несиелерінің жоғары пайыздық қойылымы;

- шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту төңірегінде мемлекеттік саясатты құру мен жүзеге асыру арасында үзіліс;

- Қазақстан аймақтарындағы шағын кәсіпкерлік диспропорциялары – жергілікті тұрғындар үшін жұмыс орындарының жеткіліксіздігі және нарықты тұтыну тауарларымен (қызметтерімен) толықтыру мәселесі;

- кадрлық мәселе – кәсіби мамандардың жетіспеушілігі;

- шағын кәсіпкерліктің белгілі бір бөлігінің көлеңкелі экономикада шоғырлануы;

- шағын кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бюджеттік құралдардың игерілмей қалуы;

- әкімшілік-құқықтық кедергілер мен шектеулер;

- шағын кәсіпорындардың басым көпшілігінің “сауда-делдалдық” саласында қызмет атқаруы;

- рұқсат беру түрлерінде бірыңғай бағыттар анықталмағандығы және т.б.

Біздің ойымызша, аймақтарды дамыту үшін мемлекет пен кәсіпкерлер бірлесе отырып, шаралар қолдану қажет:

- әрбір аймақтағы халықтың тұрмыс-жағдайының деңгейін теңестіру;

- дағдарыстық аймақтарды құрылымдық қайта құру;

- өндірістік кәсіпорындардың экономикалық артта қалған аудандарында күрделі аймақтақ саясат жүргізуі;

- шағын кәсіпкерлік дамуын ынталандыру және мүдделерін қорғау;

- кәсіпкерлік қызметті бастаушыларға қаржылық көмек көрсету және кеңес беру, оқыту орталықтарын, әлеуметтік-мәдени орындарын ашу;

- аймақтағы кәсіпкерлік қызметке инвестициялар мен басқа да мемлекеттік емес көздерді тарту;

- аймақ тұрғындарына әлеуметтік инфрақұрылымның түрлі салаларында жеңілдіктер беру;

- терең ғылыми зерттеулерді дамыту;

- халыққа емханаларда емделуге жеңілдік;

- аймақтарда салауатты өмір салтындағы іс-шаралар жүргізу;

- халыққа білім алуда қаржылық көмек беру;

- кәсіпкерлерді уәждеу мақсатында түрлі байқаулар, премиялар тағайындау;

- халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету;

- жол жүрудегі жеңілдіктер;

- аймақтардың табиғатын қорғау шараларын жиі ұйымдастыру.

Қорыта келе, шағын кәсіпкерлік – нарықтық экономиканың маңызды элементі, онсыз мемлекет жан-жақты дами алмайды. Шағын кәсіпкерлік төңірегінде көптеген мәселелердің көтерілуі – оның экономикадағы маңыздылығын дәлелдейді. Шағын кәсіпкерліктің жауапкершілігі – адамдардың іс-әрекеттерін реттеу, қоғамдық қарым-қатынастарды және әлеуметтік заңдылықтар мен әлеуметтік нормаларды стандарттау, бақылауды жүргізе отырып, әлеуметтік ортадағы қажеттіліктерді белгілеу арқылы әлеуметтік рөлдер мен мәртебелер жүйесін ұтымды ұйымдастыру. Шағын кәсіпкерлік жауапкершілігінің жетілуі – аймақтық экономиканың дамуына, ұйымдағы менеджмент сапасының артуына, халықтың әлауқатын көтеруге, қоғам өмірін реттеуіне және т.б. түрлі жағдайларға оң әсерін беруде рөлі жоғары болып тұр. Сол себепті шағын кәсіпкерліктің дамуы, келешек өрлеуі үлкен маңызға ие.

Шағын кәсіпорындардың аймақтарда орналасуы біркелкі еместігін және кәсіпкерлік сектордың аймақтық құрылымының қалыптасуына жергілікті билік органдарының аса назар аудауын талап ететіндігін атап өтуге болады.

Аймақтарды дамытуда түпкілікті мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегідей бағыттарда қамтылып отырған міндеттер шешілуі тиіс:

- аймақтарды дамытудың бірден бір жолы – шағын кәсіпкерлік;
- шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы макроэкономикалық, саяси, әлеуметтік, құқықтық және моральдық жағдайлар тудыру;
- кәсіпкерлік қызметпен айналысу жолындағы кедергілерді азайту;
- шағын кәсіпкерлікті қаржылық ресурстарға қол жеткізу үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету;
- қаржылық және қаржылық емес компоненттерден тұратын шағын кәсіпкерлікке деген жан-жақты мемлекеттік қолдаулар көрсету мақсатында арнайы мемлекеттік құрылымдар құру;
- кәсіпкерлік қызметке тарту үшін халықтың қалың ортасында ынталылықты арттыру;
- шағын кәсіпкерліктің арнайы қаржыландырылуын жүзеге асыру;
- шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік қаржылардың игерілмей қалуы бойынша, әкімшілік жауапкершілік ережелерін құру;
- шағын кәсіпкерліктегі инновациялық белсенділікті арттыру;
- нормативті-құқықтық негізді әрі қарай жетілдіру;
- салық саясатын одан әрі жетілдіру;
- шағын кәсіпкерлікті кластердің құрылуына тарту;
- шағын кәсіпкерлікті инвестициялық қамтамасыз ету мәселелерін шешу;

- дәстүрлі емес қолдау түрлерін көрсететін шағын кәсіпкерлік орталықтарының рөлін жоғарылату және т.б.

Аталған міндеттер арқылы аймақтардағы кәсіпкерлік қызметінің дамуына нақты алғышарт болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.akorda.kz/>
2. Лапуста М.Г. Предпринимательство: учеб. – Москва.: ИНФРА - М, 2010. – 480 с.
3. Сәбден О. Шағын кәсіпкерлікті басқару – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ЭИ. 2009 ж. – VIII том. – 8-14 б.
4. ҚР статистика жөніндегі Агенттік мәліметтері, № 0-02/154, 2011 ж., // <http://www.kaz.stat.kz>
5. Қазақстан және оның аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің жағдайы туралы есеп. – 2-шығарылым. – Алматы, 2010. – 20-21 бб.
6. Днишев Ф.М. Условия развития инновационной экономики в Казахстане // “Повышение конкурентноспособности национальной экономики в условиях глобализации: проблемы, приоритеты, пути решения”. Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: ИЭ МОН РК, 2008. – 26 с.
7. Фетисов Г.Г. Региональная экономика и управление / Г. Г. Фетисов, В. П. Орешин. – 2008. – 17-18 с.

С.А. Бейсебаева

Повышение ответственности малого предпринимательства в региональном экономическом развитии

В данной статье подробно описывается значение, роль, ответственность малого предпринимательства в региональном развитии. В ходе анализа численности активных субъектов, активно занятых в МП, а также выпуск продукции субъектами малого предпринимательства, автор приводит результаты и предложения по совершенствованию развития активности МП в регионах РК.

S.A. Beisebaeva

Increasing responsibility of small business in regional economic development

This article details the importance of the role and responsibility of small business in regional development. In the course of analyzing the number of active entities, actively engaged in a magnetic field, as well as the output of small businesses, the author gives the results and suggestions for improving the activity of SB in the regions of RK.